

ӘОЖ 654.29

## **БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ ОҚИҒА МЕН ДЕРЕК**

**Амангелді Жанар**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Журналистика білім беру бағдарламасының 2-курс студенті  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Г.Ш. Әшірбекова

Қазақ публицистикасы жазба әдебиеті қалыптаспай тұрып-ақ пайда болған. Қандайда бір елдің, халықтың басшысы қауым мүшелерін сөздерімен жігерлендіріп, батылдыққа, елді, жерді қорғауға шақырды, ынтымақ пен бірлікке үндеді. Әрине, бұны кейінірек пайда болған кәсіби публицистика дей алмаймыз. Алайда, қазіргі публицистиканың түп-тамыры – шешендік сөздер, тұлғалардың қауымға бағытталған рухты сөздері, жалпы алғанда ауыз әдебиеті дей аламыз. Көне жазба ескерткіштерінен кейінгі 12-ғасырларда мазмұны мен көркемдігі жағынан дами бастаған түрлі ауыз әдебиетінің үлгілерін, оның ішінде батырлар жырын ерекше айта аламыз.

Эпос немесе батырлар жыры ерлікті, батырлықты жырға қосып, дәріптейді. Жырды әдетте жыршылар қобызға, домбыраға қосып, күй сарынымен орындайды. Батырлық жырларында өзінің ерлігімен, өр мінезімен көзге түскен және дұшпанын талқандаған батырлар туралы баяндалады. Бұл шайқастары арқылы батыр қарапайым халықты жаудың

немесе зұлым басшының зорлығынан құтқарып, халық мүддесі қорғалады. Эпоста халықтың түрлі қасиеттері жырға қосылып, өмір көрінісі суреттеледі.

Жоғарыда айтқанымыздай, халықтың ауыз әдебиеті қазақ публицистикасының бастаулары болып саналады. Ол жөнінде Б.Жақып «Публицистика шығармашылық негіздері» кітабында: «Батырлар жырындағы публицистикалық белгінің біріншісі – батырлардың өмірде болған адам екендігі, екіншісі – тарихи шындық оқиғалардың баяндалуы; үшінші – қазақ ру-тайпаларының, жер аттарының айқын көрінуі», -деп атап көрсетеді. Осымен қоса, публицистикалық сарынды батырлар жырындағы қара сөздерден іздеуге болады деген ой айтады.

Батырлар жырындағы публицистикалық белгілер арқылы біз өткен ата-бабалар өмірінен, олардың әлеуметтік-саяси тіршілігінен сыр тартып, халқы үшін жанын қиған батырлар ерлігімен танысамыз. Мұның өзі қазақ публицистикасының тарихы тереңде екенін көрсетеді.

Б.Жақып өзінің аталмыш еңбегінде «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырларындағы публицистикалық сарынды айшықтап көрсетеді. Аталған жырлар көп жерде мысалға тартылып жүргендіктен, көпшілік ауызға ала бермейтін, ғылыми құндылығы көп әр кезеңдердегі «Едіге батыр», «Бозұғлан, Ахметбек хәм Жүсіпбек», «Шақшақұлы Ер Жәнібек батыр» жырларын назарға алуды жөн көрдік.

«Едіге батыр» жыры қазақтарда ғана емес, түркі тілдес халықтардың біразында кездеседі. Жырда тарихи оқиғалар мен эпостық-ертегілік сарындағы қиял-ғажайып, әсірелеу сарындары да араласа келеді. «Едіге» – тарихи эпос емес, әйтсе де, туындының тууына өткен дәуірдегі оқиғалардың үлкен ықпал еткен. Эпоста тарихта есімдері белгілі [Әмір Темір](#), [Токтамыс хан](#) жайлы да сөз болады. Шоқан Уәлихановтың: «Ногайские предания относятся к концу XIV, к XV и XVI вв. Предания эти имеют эпический характер и поются рифмованными стихами и поэтому принадлежат к области народной устной литературы. Они замечательны, как выражение народного духа, понятий, нравов, обычаев, образа жизни, замечательны также в филологическом отношении и не лишены исторического интереса», – деп айтуы жырдың пайда болу уақытын және тарихқа қатыстылығын дәлелдейді. Ал, жырдың тарихи шындыққа негізделуі оны публицистикалық шығармаға жақындата түседі. Жырдың [қазақ тілінде](#) бірнеше нұсқасы бар. Олардың ішінде құндылары – Шоқанның әкесі [Шыңғыс Уәлиұлы Уәлиханов](#) жазып алған нұсқасының негізінде жырдағы публицистикалық белгілерді анықтап көрелік.

Едіге жырының басында-ақ Едігенің шын өмірде болғандығын, оның Баба Омар деген әулиенің ұлы екендігі және Ноғайлы елінің болғандығын, сонымен қатар, елдің билеушісі Токтамыс хан екендігін көрсететін жолдар бар. Едіге батыр Сәтемір ханның қызын алуға келе жатқанда, қызды дәудің ұлы Қабантиын алып бара жатқан көшке кезігеді. Сонда қарасөзбен берілген мына жолдарға назар аударайық:

«..Едіге қыздан сұрады:

- Сен кімнің қызы едің, - деп.

- Қыз: - Мен Сәтемір ханның қызы едім, мені осы алып зорлықпен алып келе жатыр.

- Едіге: - Осы алыпты өлтірсем, есен-аман жұртыңа алып барсам, атаң мені жақсы қабылдар ма еді, а? – деді.

- Қыз: - егер мені аман-есен жұртыма алып барсаң, өзіңді соңғы патша қылар еді, - деді.»

Осы бір қысқаша үзіндіден-ақ бірнеше публицистикалық белгілерді аңғару қиын емес. Едіге батыр өмір сүрген заман – хандық дәуір болғандығы, дәуірдің зорлығы өткен қоғамның да бейнесін көрсету – жырдағы публицистикалық сарын деуге болады. Тіпті, жыр арасындағы қарасөзбен келтірілген Едіге мен хан қызының арасындағы диалог та публицистикалық сұхбаттың бір үлгісі секілді.

«Едіге» эпосының мақсаты нақтылы бір кезеңдегі тарихи тұлғалардың басынан өткен түрлі оқиғаны тізбектеп көрсету емес, адамгершілік мәселелерін – жақсылық пен жамандықтың күресін, түбінде әділеттің салтанат құратынын, көреалмаушылықтың соңы

жарға апарып соғарын, зұлымдықтың арты өкініш боларын тарихи тұлғалар өмірімен бейнелей отырып, халықты(тыңдарманды, ұрпақты) құлағдар ету. Эпостың бұл мақсаты, яғни көпшілікке үн тастауымен қоса, қазақтың табиғи болмысын ашық көрсетуі жырды публицистикаға тіптен жақындата түседі. Мәселен, «...Хан Нұралын туғанда,

Сәтемірдің сансыз қол

Бары-жоғын жидыртты,

Төбел бие сойдыртты.

—Жалғызыма алғыс тисін,—деп, (астын сызған біз – Ж.А)

Сонда бір жұртты тойдыртты.

Үлкен бір той қылдыртты,

Көңілін сондай тындыртты», - деген жолдар, қазақтың өмірге сәби келгендегі қуанышы ерек екенін, бұл сүйінші хабар білінгенде ұлан-асыр той жасайтынын көрсетсе, қара сөзбен жазылған:

« — Әй, балам, маған қырық ерден бата тигенді, іздесең табарсың,-деді, Тауып, Тоқтамыстың басын аларсың. Қызды алу үшін әкесінен батасын ал- деді.

– Кеңестің Кенжанбайы жолығар ма?

– Саған бір жағыңнан жолығар,-деді. Егер жан үшін жалынып сөз айтса, басын ал, өзіңменен қарсыласып сөз айтса, бір ерді тимегейсің.

Бұл қызды сақтап қой, - деп, Нұралын жөнелді», - деген Едіге хан мен ұлы Нұралын (Нұраддин) арасында сұрақ-жауап үлгісінде өрбіген үзіндіден жаны үшін жалынып, жылайтын ерді «ез», өз сөзін қорғай білетін намыстыны «ер» санайтын және ол дұшпан болса да, құрметтейтін қазақы дүниетанымды аңғаруға болады.

Б.Жақып өзінің еңбегінде: «Батырлар жырындағы қара сөз үлгілері көпшілікке мына бағыттарда әсер етеді, - деп жырдың публицистикалық сарынын анықтау үшін нақты белгілерді көрсетеді,

- Біріншіден, қара сөздер тыңдаушылардың ақыл-ойына тікелей әсер етіп, оларды белгілі бір қимылға шақырады, іс-әрекетке үндейді. Бұл, ең алдымен, ел қорғау, туған жерді сүю, ата-ананы қадірлеу, әділдік үшін күресу, әлеуметтік теңдік мәселесі, бірлікке, ынтымаққа, бейбіт өмірге үндеу. ... Төртіншіден, батырлар мен басқа да кейіпкерлер өмірде болған адам екендігі де жырдағы публицистикалық сарынды күшейтеді. Бесіншіден, қазірге дейін сақталған жер-су, тау аттары кездеседі. Алтыншыдан, қазақ халқының бүгінгі күнде сақталған әдет-ғұрып, салт-дәстүр, діни наным-сенімдерінің нақтылы көріністері орын алады. Жетіншіден, белгілі бір нақты тарихи кезеңде болған саяси оқиғалар тізбегі кездеседі. Сегізіншіден, тыңдаушылардың күш-жігерін негізгі айтылатын әлеуметтік ойға бағындырып, оларды белсенді іс-қимылға біріктіріп, қатаң бақылауға алып, реттеп отыру байқалады». «Едіге жырында» халықтың наным-сенімдері нақтылы көрініс таба отырып, қазақы болмыс ашыла түскен. Тарихи оқиға негізінен туындаған келесі бір шығарма «Бозұғлан. Ахметбек һәм Жүсіпбек» жыры.

«Ахметбек һәм Жүсіпбек» эпосы ерлік тақырыбында боп келеді. Жыр Исфаһан шаһарының патшасы Бозұғлан мен оның Ахметбек және Жүсіпбек деген екі жиені жайында жырланады.

«Жүсіп-Ахмет» жырын зерттеген ғалым-зерттеуші С.Қосан бұл шығарма туралы «Орта Азиялық сюжетке құрылған батырлық эпос. Дастанның тақырыбы түркімен халқының басынан кешкен әр түрлі тарихи оқиғаларын суреттеуге арналған», - деп жырдың тарихи шындықтан құралғанын айта кеткен.

Негізінен, бұл эпостың 9 нұсқасы бар. Жыршы Ешбайдың нұсқасында кездесетін көптеген оқиғалар кеңінен, нақты ашылып жырланады. Мәселен, Жүсіпбек пен Ахметбек екеуі алғаш рет Үргенішке келген кездерінде Ерғали ханның арнайы кісі жіберіп, қонаққа шақырып күтуі, Көзәлшаһтың патша екенін баяндайтын тұсы, жау екі бекті ұстап алып кеткен кезде олардың артында қалған 40 жігіт пен туыстарының ахуалының кеңінен жырлануы, екі бектің зындандағы жағдайы, онда Баба Ғұмармен танысуы, зынданның бастығы Хамза Мерсубтың Қаракөз атты қызының екі бекке күнде тамақ әкеліп тұруы,

сатқын Мырза Мәметті Жүсіпбектің өлтіруі, шаһтың босатуымен еліне қайтар жолда қыз, келіншек, жігіттің жолығуы, елдегі түрлі әлеуметтік оқиғалар, Мешел қаласын шабуға келген бектерге шаһ елшілікке оның достарын жіберуі секілді эпизодтар кеңінен суреттеледі. Эпоста оқиғаның ашық, көзбен көргендей жырлануы және нақты деректер, яғни тарихи тұлғалар мен ел аттарының кездесуі – фольклордағы публицистикалық сарынның озық үлгілерінің бірі деуге толықтай негіз бола алады.

«Бозұғлан» жыры жайында ғалым Ә.Марғұлан да біршама зерттеу жүргізіп, өз көзқарасын, топшылауларын еңбектерінде атап өтеді. Ғалым «Бозұғлан» жыры «Қорқыт» сарынымен айтылған ескі жырдың бірі дей отырып «Бұл Қорқыт пен Омаят халифасының соңын ала шығып (X-XI ғғ.), оғыз-қыпшақтар тұсында Шам өлкесіне барып, әкім болған елхандар тұрмысынан туған жыр сияқты... Бірақ асыл түбі «Бозұғлан» (Жүсіп хан) жыры ХХІ ғасырларда Арал теңізі, Маңғыстау, Үргеніш өлкелерінде туған ескі жыр болуға тиіс. Бірақ осылай деп жорамалдаған ғалым еңбегінің тағы бір жерінде: «Қорқыт», «Бозұғлан» жырларының ерлік сарындары Оғыз ханның Сырдария, Үргеніш жерінен аттанып, Бағдат, Шам, Мысыр өлкелерімен жауласу оқиғаларынан туған. Бұл кез – Мысыр, Бағдат өлкелерін араб халифасын омаяттар (Жәзит) билеген VIII-IX ғасырлардың тұсы. «Бозұғлан» жыры көбінесе осы кездегі оқиғаны баяндайды», – деп тағы бір топшылап өтеді. Аталмыш жырды толықтай зерттеген Әлкей Марғұланның жырдың тарихи шындыққа балаған қорытындысы біздің сөзімізді дәлелдей түседі.

«Ахметбек пен Жүсіпбек» эпосының сюжеттік желісін құрайтын негізгі тұрақты өзекті эпизодтар мыналар:

1. Бозұғлан хан өзінің екі қарындасын екі уәзіріне қосады. Олардан Ахметбек пен Жүсіпбек туады.

2. Ахметбек пен Жүсіпбек Бозұғлан ханның тәрбиесінде өседі. Олардың арасын уәзірі шағыстырады.

3. Сөзге ерген Бозұғлан екі бекке елден кетсін деп хат жазып, олар қоныстарын ауыстырып, бір көлдің жағасына келіп тоқтайды.

4. Ахметбек пен Жүсіпбек Ерғали хан мен Нәдірбек ханның қыздарына үйленіп, бірбір шаһардың билеушісі болады.

5. Мешел шаһарының патшасы Көзәлшаһ жаман түс көріп, оны Баба Ғұмарға жорытады.

6. Шаһ екі бекті ұстап әкелу үшін Мырза Мәметті жібереді.

7. Жансыз екі бектің сеніміне кіріп, нөкері болып алады. Кейін орайын тауып, екі бекті жауларына ұстап береді.

8. Зынданға түскен екі бек Баба Ғұмармен танысып, онымен бірге жеті жыл отырады.

9. Ахметбек пен Жүсіпбекке зынданның бастығы Хамза Мерсубтың Қаракөз атты қызы келіп тұрады.

10. Көзәлшаһ өзінің Көкше ақыны мен Жүсіпбекті айтыстырып, жеңіске жеткен Жүсіпбек пен Ахметбек елдеріне қайтады.

11. Еліне барған соң екі бек қалың қол жинап, қайтып келіп жауын жеңіп, зынданнан Баба Ғұмарды босатады. Екі бектің бірі Қаракөзайымға үйленеді.

Барлық жыршының нұсқасында дерлік жырдағы оқиға өзгеріссіз болып келеді. Жекелеген сөздер, жолдар, эпизодтар болмаса, оқиға мазмұны да, баяндау тәсілі де барлық варианттарда ұқсас. Жырдың тоғыз нұсқасында да оқиғаның еш өзгеріске ұшырамауы, эпоста шынайы өмір бейнесі көрсетілгенінің айқын дәлелі бола алады. Тек кейбір нұсқада кейіпкерлердің сезімдеріне біршама тоқталып, кеңірек жырланса, ал басқа нұсқаларда тұлпардың, сұлу қыздың сырт келбеті, сөзі, жүріс-тұрысына айрықша тоқталып, ерекше суреттеледі. Әр жырдағы оқиғаны ашық, анық етіп әрлеп жырлау, кей детальдарды қысқа қайырмай кеңейте, түрлендіре жырлау әрбір жырдың айтушысына байланысты.

XVIII ғ. Шақшақұлы Жәнібектің жоңғар қалмақтарына қарсы күресі баяндалған «Ер Жәнібек» жырына да саяси ахуал, әлеуметтік жайттар мен ерлік оқиғалар арқау болған. Жырдағы шынайы өмірде болған оқиғаны:

Батырдың бірі сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
-Ел шетінен жау тиіп,  
Салып жатыр қиқуды.  
Етігімен су кешер  
Ер басына күн туды.  
Қалмақтың ханы Аралбай  
Шығарған қосын қазаққа,  
Сайдауыт адам арандай.  
Соғыспаққа солармен  
Аттанды қазақ ұрандай.  
Бағаналы Барлыбай,  
Шұбартаулы Жаулыбай,  
Естігенсін осыны,  
Шығарған қосын тұралмай.  
Найманнан батыр Барақ бар,  
Сүйіндіктен Олжабай.  
Менің атым болады –  
Қаракерей Қабанбай.  
Айтулы батыр мынау да –  
Қанжығалы Бөгенбай.  
Аттанысқа келеміз,

Жөн-жобамыз осылай» , -деп, өмірде болған тұлғаның атын атап, түсін түстеп көрсетуі ақиқатқа негізделген.

Болмады екі бала, сиыспады,  
Хандықты бір-біріне қиыспады.  
«Кішің қой, үлкен бол» дегеніне,  
Халықтың алып тілін ұғыспады.  
Жұрт айтты. «Әкең билеп өткен елді,  
Таласпа енді кезек саған келді.  
Сәмеке хандық берсін, таласпаңдар,  
Басыңдар көтерілген зор көңілді».  
Болмады екі жақтап хандық құрды,  
Шекара қып ар жаққа қонды Сырды.  
Бастаған ел ағасы, би мен батыр,  
Наразы бұл ісіне болып жүрді.  
Халықтың қариясына ренжу түсті,  
Кім көрген алауыздық мұндай істі.  
Өкпелеп тіл алмаған балаларға,  
Біразы Сарыарқаға тұра қашты.  
Билер құт, батыр қуат өкпеледі.  
Біраз ел ханның елін жек көреді.  
Ақырда өз басындық болмай қалды,  
Деп жүрсек, жұрттың қолын жеткереді.  
Көрген жоқ өмірінде араз оңып,  
Тарады жіктеліп ел бөлек қонып.  
Осы қыс жалмауыз жұт жеп кететіндей,

Тарылтты белді алып, боран соғып», - деген сынды, билік басындағы алауыздықты, елдің әлеуметтік жағдайын айқын көрсететін жолдар «Батырлар жырының» публицистиканың ауызша пішіні екенін анық көрсетіп тұр.

Сондай-ақ, аталған эпоста әлеуметтік, елдік мәселелер көтеріліп, кейіпкердің ой-толғамдарын жеткізе отырып өткен-кеткен күйлерді шертеді, жауға шаппас бұрын батырға үлкендердің бата беруі, болашақты болжап, ақыл айтып, шешендік түйіндер жасауы, өзгелердің де терең ойлауына түрткі болады. Яғни, батырлар жыры тек тарихи оқиғаны баяндап қоймай, үгіт-насихат қызметін де атқарады.

Сонымен қатар, Ер Жәнібекпен бір заманда өмір сүрген Қабанбай батырға арналған жырдағы оқиғалардың бірдей қабыса өрбуі – жырдың шынайы өмір құбылысы екенін айқындайды. Ал шығарманың шынайы өмір құбылысына құрылуы, шығармада публицистикалық сарын бар екенін білдіреді.

Түйіндер болсақ, қазақ фольклорындағы «батырлар жыры» өзінің ақиқат өмірге негізделуімен қатар, тарихи тұлғалар мен жер-су аттарынан дерек беруі және өз заманының түрлі әлеуметтік-саяси мәселелерін көтеруі, оның публицистикалық шығармалардың негізгі бастаулары бола алатынын ашып көрсетеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. «Бабалар сөзі» (39 том): жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т.39:Батырлар жыры: 2006
2. «Бабалар сөзі» (61 том): Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2010. Т.61:Тарихи жырлар. -448бет
3. «Бабалар жыры» (47 том):Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2008. Т.47:Батырлар жыры.-2008.-424 бет
4. Публицистика негіздері: оқу құралы / Бауыржан Жақып. –2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 444 б.
5. <https://ulagat.com/> сайты.